

# ЖАҚСЫНЫң аты өлмейді

**Бұл фәніге жұмыр басты пәнденің бәрі қонақ. Алайда, сол қонақ емірде сыйласып аға, іні болып, жарасымын табар, жиен нағашы болып және ретіне қарай жезде балдыз болу да бір ғанибет. Фасырлар бойы қалыпта-сқан сол бір ата дәстүр қандай тамаша. Осылай сыйласу тек қазаққа ғана тен сияқты.**

Әбілбек ағамен танысып, тіл табысу сонау 1987 жылы басталған еді. Онда мен Аманкелді аудандық мәдениет белгімінің басшысы болсам, аға мәдениет үйінің және халық театрының бас суретшісі. Мен қамал алар қырықты алқымдасам, аға ердің жасы елуде болатын.

Жаратушы неміз сұнғақ, бой, сұлу көлбет, жориғем мінез бен ерекше дарынды ағага тарту еткен сияқты. Жалғыз үлдің атының алысқа баратынын, көптің сауабын алатынын, тамырын теренге жіберіп, алып байтерек жапырағын жайып, мауелі бақ болатынын Ұзак, ақсақал білді ме, тіледі ме? Иә, жалғызының аман-сау болуын, қасынан алысқа ұзамай: «көз алдында болса, болды» деп сан марте: «таубе күдай, таубе» деген болар. Соган лайық Жаратушы жаппар неміз тілегін берді, бірақ аса дарынды, сирек мамандықты ерекше адам ғана игерді, ол Әбілбек Ұзакулы еді.

Алашақы да алысқа ұзамай ата-ана тілегіне орай жүргізушілікті (шофер) игеріп, колдарына келін түсірді, көптің бірі болып жүріп жатты. Дегенмен, озғемін байқамайтынын байқау, сұлулыстың сырын ұтуға үмтүлү, еріксіз еке батасын алып Алматыға алып келген еді. (Ол туралы Әбілбек ағаның козі тірісінде қалам терберенниң кейін бүтінде қайталатын келмегі).

Алматыдан жақсы кәсіби білім алып елге оралды, бірақ, алған білімін халық, иғлігінен жүмсая алғашқыда ете қынға соқты. Соган қарамастан қынған шығар жол іздел алға үмтүлді. Аманкелді аудандық халық театрында суретші-декоратор болып істей, оның кәсіби мамандығына жол анып, жа-

жакты Ізденуінің басы болды. Осы кезенде тұстас достары Текен Елтебаев, Ділдабек Қорғанбеков, Қази Ақан, Мирамахан Қапышов, Айтбай Мұздахановтар оң ықпал етті, сенім үялatty, шабыттаңдырды. Жалпы Әбілбек ағаның қолынан тек қана Аманкелді төңіретіне таныс, белгілі адамдардан тыс, облыс, республикаға есімдері мәлім азаматтардың пәннілікі мен бақылышына ұзын-ырғасы 70-80 ескерткіш, мүсін белгілер жасалды. Торғай тесінің «аста-насы» Арқалықтағы ұлт-азаттық күресінің қас батыры Аманкелді Имановқа қойылған алып ескерткіштің өзі неге тұрарлық!

Таныстырылған бастауы Аманкелді халық театрында басталып, Арқалықта сыйластыруха уласты, аға інілікпен жарасымын тапты. Әбілбек ағаны билген сайын мінезіне, қарашайымдылығына танті болдым. Бардың міссе тұтып, ерекше енер несімін деп асып-таспайтын, ақырын жүріп анық, басатын, қанагатшыл, қосағы мен қоса ақарып, жылтуын тек отбасына ғана беріп қоймай, онымен арасынан дос-жолдастақ, ағайын туыска, жақын жұмық жүрагатқа да бере белетін үлкен журек несін білдім, таныдым, сонымен қатар сыйласуға да, қинасуга да тұратын жілт ағасынадай ақсақалды нердім.

Еткен еңбегі көптің көңіл-ней табылып, ел басқарып отырған басшының назарына ілікті. «Жаным десе, жан семіреді» демекші, Әбекен ағаны бағалауга ат салысқан, жас та болса, бас болған, қынни кезде халықты соңынан ертіп, көптің көңіл-ней шыққан азамат сол кездегі қала ақімі Жомарт Тұбекбаев еді. Ағамыз «Құрмет» ордені мен екі марте облыстық меценаттар (демеушілер) сыйлығының иегері атануы досын сүйіндіріп, бар болса, дүшпанын күйіндірді.

Ағаны еске ала отырып, оның гүмірлік серігі, отанасы, мәңгілік өмірінің жалғасы, бауыр еті балаларының анасы, Батыма тәтеміз туралы еске алмау, аруақа қиянат. Маган дейін де, менен кейін де «жігітті торге де сүйрейтін, көре сүйрейтін оның өмірлік серігі» деген дана тамсіл талай айттылар. Бұл орайда «Жалғыздың жары күдай» демекші, Жаратушы жаппар Иеміз Әбекене алан, инабатты

да ибалы жар бергез. Батима тәтеміз тек адап жар ғана болмай, ата-ененің бабын белетін сүйікті де инабатты кепін, абысын-ажынға сырлас дос, корші колемге көлі ашық, қайырымы мол байбіше бола білді.

Аға, тәтеміздің, кепке ортақ адап дастарханынан талай рет дам таттық, есікten кірер-кірместе «терлет бауырым, қаным, қалып қалай?» деп куанышпен қарсы алатын. Элде қалай телефон шалғанда менің үй-ішімнен тыс туыстарды да сурал, аса бауырмалдық танытып, тілекестік білдіретін, менде інілік инетпен «тәте қолай, тоқландар ренжіттей ме, маган айтыңыз, мен буларды көрейін» деп, еркелей туыстық инет танытатынмын. Ал, Әбілбек аға болса, «қой-қой, хан нияздың тұқымын ренжітіп неміз бар, палелерінен аулақ»-дейтін, жезде балдыздық, нағашылы жиенде әзіліміз осылайша жарасым жалғасын табатын. Шіркін, сол бір күндер-ай десенші!

Кімнің бұл пәнніде қаншалықты жер басып жүретіні бір Аллаға мәлім, зирине, солай дегенмен жақсы жандарды жамандыққа кимау, қанша жасаса да эттеген-ай деу, өмір заңдылығы. Дегенмен, Абай жақім: «олді деуге бола ма, айтындаршы, өлмейтүтін артында із қалдырган» демекші, ата мен тәтейдің артында өмірлерін жаңғастыруши балалары, немере жиендері мен қатар еңбегінің жемісі, қолының табы, олмес енерінің натижесі, ескерткіштері қалды. Соның бірі менен торімде ітүлі тұрган ұлы бабам Сейдахметтің портреті. Сондықтан да «сыйга сый, сирага бат» демекші, мен тұрғанда менен тараган үрпақ барда Сіздің есіміңіз еш уақытта да үмитылмайды. Даны халықымыз «жаксының аты олмейді, галымның хаты олмейді»-деп бекер айтпаган болар. Бірге емес, көпше қызмет еткен, еңбегі елге сінген, ел жақында мәңгі қалатында болуын, ол тұрган үйінің жанындағы №10 орта мектепке атын берсең, жақсы ағага деген құрметтің үлкені осы болар еді.

**Ж. ГАПБАСҰЛЫ,**  
Арқалық қалапың  
ардагерлер  
үйімінің төрагасы.